

## Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1351 қаулысы

Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамыту үшін тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қаңтарда және шілдеде жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 38 Қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      3 0                      Ү к і м е т і н і ң  
ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N                      1 3 5 1                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының  
транзит-көлік әлеуетін дамытудың  
2004-2006 жылдарға арналған  
Бағдарламасы**

Астана, 2003 ж.

**1. ПАСПОРТ**

# **А т а у ы**

Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы.

## **Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздер**

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы,  
"Қазақстан Республикасы мемлекеттік көлік саясатының тұжырымдамасы туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 801 қаулысы,  
Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы іс-шаралар туралы" 2003 жылғы 15 тамыздағы N 1165 Жарлығы,  
"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысы,  
Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі мәжілісінің 2003 жылғы 16 қазандағы хаттамасы.

## **Негізгі әзірлеуші**

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

## **Бағдарламаның мақсаты**

Қазақстанның транзит-көлік әлеуетін жетілдіруге және озық дамытуға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, техникалық, экономикалық және қаржылық сипаттағы, республиканың көлік магистралімен транзиттік және экспорттық-импорттық тасымалдардың көлемін ұлғайту және тиімділігін арттыру үшін қазіргі кезеңдегі бірінші кезекті шаралардың кешенін қабылдау, сондай-ақ осы шараларды іске асыру жөніндегі іс-әрекеттерді нақтылау және оларды жүзеге асырудың орынды кезеңділігін белгілеу.

## **Бағдарламаның міндеттері**

халықаралық деңгейде елдің көлік дәліздерін және транзиттік бағыттарын институционалды күшейту мен дамыту;  
жолаушылар, жүктер, ақпараттар мен қызмет көрсетулер қозғалысы жолындағы табиғи емес кедергілерді жоюға бағытталған Қазақстан Республикасының екі жақты және көп жақты ынтымақтастығын дамыту және тереңдету;  
халықаралық конвенциялар мен келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының көлік заңнамасын біріздендіру және үйлестіру;  
еліміздің транзит-көлік әлеуетін дамытуға сыртқы факторлардың теріс әсерін азайту ;  
ұлттық көлік-коммуникация желілерін жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру және дамыту ;  
қызмет көрсетудің логистикалық жүйелері мен мультимодальды тасымалды дамытуға негізделген қазіргі заманғы көлік технологияларын енгізу;

қызмет көрсетудің логистикалық жүйелері мен мультимодальды тасымалды дамытуға негізделген қазіргі заманғы көлік технологияларын енгізу;  
ұлттық мүдделерді ескеретін және еліміздің транзиттік тартымдылығын қамтамасыз ететін тариф саясатын жетілдіру;  
халықаралық көлік дәліздерінің қызметіне ақпараттық-талдаулық және ғылыми-техникалық қолдау көрсету.

### **Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру тетіктері. Қажетті ресурстар.**

Бағдарламаны орындауды қамтамасыз ету жөніндегі негізгі бағыттар мен тетіктер және оны іске асыру үшін қажетті ресурстар Бағдарлама субъектілерінің перспективті және жылдық жоспарларында белгіленеді.

### **Бағдарламаны қаржыландыру көздері**

Негізгі қаржыландыру көздері болып мыналар табылады:

Бюджет қаражаты және рынок субъектілерінің меншікті қаражаты - әкімшілік етуге (мемлекеттік басқару), құқықтық және нормативтік-техникалық, ақпараттық-талдамалық және ғылыми-техникалық қамтамасыз етуге;

Рынок субъектілерінің меншікті қаражаты, сондай-ақ ішкі және сыртқы алыс-берістер - қызмет көрсетудің логистикалық жүйелерін құруға, көлік-коммуникация кешенін қайта жаңартуға, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға және оның жаңа объектілерін салуға.

Қаржыландыру өлшемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 929 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға индикативті жоспарының әлеуметтік-экономикалық дамуында анықталған:

- 2004 жылға - 9220,2 млн.теңге;

- 2005 жылға - 1186,3 млн.теңге;

- 2006 жылға - 351,5 млн.теңге.

### **Күтілетін нәтижелер**

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін транзиттік жүк ағынының өсуі, бұл оларға қызмет көрсетуден түсетін Қазақстан Республикасының тікелей және жанама кірісін ұлғайтуға әсер етеді;

ұсынылатын көлік қызметтерінің сапасын көтеру: жүктерді жеткізудің жылдамдығын арттыру мен олардың сақталуын қамтамасыз ету, тауар бірлігіне есептегенде көлік шығындарын қысқарту;

жол және көлік құрылысы саласында, көлік инфрақұрылымы кәсіпорындарында, қызмет көрсету саласында қосымша жұмыс орындарын ашу;

шектес мемлекеттермен сауда-экономикалық және саяси байланыстарды нығайту, бұл өңірдегі саяси жағдайды одан әрі тұрақтандыруға және экономикалық дамуға

қызмет ететін болады;

елге жаңа технологияларды тарту.

Бұдан басқа, Бағдарламаны іске асыру, мақсатты нәтижелерге қол жеткізуден өзге,

ішкі тасымалдарда көлік шығындарын төмендетуге әкеледі, ол жаңа көлік технологияларын игеру мен жаңғыртылған көлік желілерінде көлік процесін жетілдірудің есебінен жүргізіледі.

## **Бағдарламаны іске асыру мерзімдері**

Бағдарламаны іске асыру мерзімдері - 2004-2006 жылдар.

## **2. Кіріспе**

Тиімді және сенімді жұмыс істейтін еуразиялық континентаралық байланыстарды қалыптастыру экономика жаһанданудың қазіргі жағдайында ерекше өзекті мәселе болып отыр. Бұл сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстардың кеңеюімен байланысты, олардың негізінде ұлттық және өңірлік мүдделерді қамтамасыз ету үшін мемлекетаралық ынтымақтастық жатыр.

Қазақстанның орын алып отырған көлік проблемаларын шешуге белсенді қатысуы еліміздің географиялық жағдайына, оның табиғи байлықтарына, өңірдегі экономикалық белсенділіктің өсуіне, көлік кешенінің жеткілікті жүк тасу қуатының болуына және еліміздің әлемдік экономикалық жүйеге тең құқықты интеграциясына бағытталған саяси таңдауына байланысты.

Әлемдік рынокта көлік-коммуникация кешенінің бәсекелестік қабілеттілігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзиттік ағындарды ұлғайту "Қазақстан-2030" Стратегиясына экономикалық дамудың ұзақ мерзімді басымдықтарының бірі ретінде қаралады.

Көлік мәселелерін шешудің негізгі бағыттары мынадай тұжырымдамаларда берілген:

- Қазақстан Республикасының 2008 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік көлік саясаты;

- Қазақстан Республикасының халықаралық көлік дәліздерінің дамуы.

Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамыту бағдарламасы осы тұжырымдамаларды практикалық іске асыру жолындағы бірінші кезектегі міндеттерді белгілейді және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттің жан-жақты дамуына назарды нақтылайды.

Бағдарламаны әзірлеуді негіздеу - "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысы.

## **3. Транзит-көлік әлеуетінің қазіргі жай-күйін талдау**

### **1. Транзиттік тасымалдарды дамыту үшін алғышарттар**

Қазіргі даму кезеңінде Қазақстан Республикасында транзиттік мүмкіндіктерін пайдалану тиімділігін арттыру үшін қолайлы алғышарттар пайда болды.

Солардың бірі Еуропа және Азия елдері арасында серпінді дамып келе жатқан сауда-өнеркәсіптік алмасуға байланысты. Осы алмасу жаңа, неғұрлым оңтайлы еуразиялық көлік коммуникацияларын қалыптастыруға ынталандырады. Көптеген халықаралық ұйымдардың күш-жігері осы саладағы проблемаларды шешуге бағытталған.

Қабылданған шешімдер шеңберінде Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымы (ТЖЫҰ) халықаралық трансконтиненталды темір жол бағыттарын, ал Біріккен Ұлттар Ұйымы Еуропалық экономикалық комиссиясының (БҰҰ ЕЭК) және Біріккен Ұлттар Ұйымы Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясының (БҰҰ АТМЭЭК) ("Азиядағы жердегі көлік инфрақұрылымын дамыту" жобасы шеңберінде (АЛТИД) хатшылықтары - автомобиль жолдарының халықаралық желілерін қалыптастырады. Қазақстанның еуроазиялық құрлықтың ортасында географиялық орналасуына байланысты қалыптасушы құрлықаралық бағыттардың кейбіреулері оның аумағы арқылы өтеді. Бұл ретте Қазақстан аумағы арқылы өтетін бағыттар аралықты қысқартуға мүмкіндік береді, мысалы, "Батыс Еуропа елдері - Қиыр Шығыс елдері" қатынасында темір жол тасымалдарын шамамен 1,5 мың км қысқартады.

Транзиттік тасымалдарды дамыту үшін екінші өзекті алғышарт Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы (ТМД), Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ), Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) және басқа да халықаралық ұйымдар шеңберінде өңірлік ынтымақтастықты кеңейту болып табылады.

Орталық Азия елдерінің Ресей Федерациясы мен Қытайдың рыноктарымен объективті сауда байланыстары өздерінің едәуір көлемінде тек Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ғана жүзеге асырылады. Оның үстіне, Орталық Азия мемлекеттердің басқа әлемдік рыноктарға шығулар, көбіне, өңірлік ынтымақтастық жағдайында болатын бағыттармен байланысты.

Экономикалық жүйелердің тарихи қалыптасқан өзара тығыз байланысы және бұрынғы кеңес одағының барлық мемлекеттері рыноктарының өзара едәуір тәуелділігі өңірлік тауар алмасудың ойдағыдай дамуына мүмкіндік туғызады.

Халықаралық тасымалдардың барлық бағыттары бойынша көліктің барлық түрлерінде тасымалдау мүмкіндіктерінің елеулі резерві бар.

## **2. Транзиттік тасымалдардың нақты жай-күйі және өсу перспективалары**

Қазақстан аумағындағы көлік жұмысының аса маңызды құрамдас бөлігі транзиттік тасымалдар болып табылады. Елеулі қашықтықтарға байланысты олар көбіне темір жол көлігі арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы шекараларындағы бағыттар бойынша темір жол транзитінің динамикасы (3-қосымшаны қараңыз) соңғы онжылдықта темір жол желісі бойынша транзиттік тасымалдардың көлемі жаңа мыңжылдықтың басында жылына 5,6 млн. тонна деңгейіне тұрақтанып шамамен 20 есеге азайғанын айғақтайды.

Алдыңғы жылдары қазақстандық темір жол желісі арқылы транзиттік тасымалдардың негізгі көлемі Ресей мен бұрынғы Одақтың басқа да республикаларының аймақаралық байланыстары есебінен қалыптасты. Ресей Федерациясы - Орта Азия республикалары қатынасындағы транзит үлесі 50-70% құраса, ал "батыс-шығыс" қатынасында 30% шамасында ауытқып отырды.

КСРО ыдырағаннан кейін тасымалдардың тек көлемі ғана емес, сонымен бірге географиясы да өзгеріске ұшырады. Елеулі көлемде жүзеге асырылып келген ресейлік жүктердің аймақаралық тасымалдары Транссибтің негізгі магистраліне ауысты. Осы себептен темір жолдардың батыс қазақстандық желісі учаскелерінде Орал, Поволжье және Ресейдің оңтүстік аймақтары арасындағы қатынастарда ресейлік жүктерді тасымалдары толығымен тоқталды. Ресейді мамандардың болжамы бойынша көз жетерлік келешекте қазақстандық темір жолдарды аймақаралық ресейлік тасымалдар үшін осы қатынастарда пайдалану көзделмейді.

Қазіргі кезде Қазақстанның аумағындағы негізгі транзитті (80% шамасында) Ресей Федерациясы және еуропалық елдер - Орталық Азия мемлекеттері қатынасындағы тасымалдар құрайды. Абсолютті көрсеткіштерде осы бағыттағы тасымалдар көлемі қол жеткен ең жоғары деңгейден 10 еседен астам азайды. Соған қарамастан мұнда қолайлы транзиттік перспективалар сақталуда. Мұны осы бағыттағы тасымал жөніндегі негізгі әріптестер - Ресей мен Өзбекстанның сауда-экономикалық байланыстарының қолайлы даму барысы растайды. Осы мемлекеттердің сыртқы сауда айналымы соңғы кезде тұрақты өсу қарқынымен сипатталды және 2000 жылы 17% құрады.

Тасымалдардың негізгі көлемдері Озинки, Илецк, Никель-Тау - Шеңгелді және Ақсарай - Бейнеу бағыттарында, яғни ОРТА АЗИЯ және БАТЫС дәліздері шегінде жүзеге асырылады. Шеңгелді және Бейнеу темір жол станциялары арқылы тасымалдарға трансконтиненттік транзиттің (ТРАСЕКА дәлізінің солтүстік бағыты) ықпалы елеулі емес. Сондықтан тұтас алғанда осы бағыттағы транзит өсімінің көлемін Орталық Азия елдерінің жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) орташа безбенделген өсуіне балама ретте қабылдауға болады. Түрлі бағалаулар бойынша осы шама Бағдарламаның қолданылуы кезінде 3-тен 7%-ға дейінгі мөлшерді құрай алады.

Қазақстан темір жолдарының желісі бойынша транзиттік тасымалдардың өсуінің перспективалары, негізінен республикалық магистральдарды трансконтиненттік бағыттардың еуразиялық жүйесіне қатыстыруға және шекаралық Достық-Алашанькоу темір жол өткелінің пайдалануға берілуіне байланысты.

Қазіргі кезде теңіз көлігі арқылы жүзеге асырылатын Еуропа және Азия - Тынық мұхит аймағы елдері арасындағы жүк тасымалының жыл сайынғы көлемі жылына 90 млн. астам тонна құрайды (ТМД темір жол көлігі жөніндегі Кеңестің деректері). Осы қатынастағы континенттік тасымалдардың үлесі (негізінен ресейлік Транссиб бойынша) жалпы жүк алмасудың 1%-ын құрайды. Бұл орайда осындай тасымалдардың шамамен 40%-ы табиғи түрде құрлық (темір жол) бағыттарына ұмтылатын Солтүстік Еуропа

елдерінің үлесіне келеді. БҰҰ АТМЭӘК деректері бойынша тасымалдар көлемі 1999 жылы 2,5 млн. жиырма футтық эквиваленттің контейнерлерін (ЖФЭ) құрады. Тасымалдар көлемдерінің жылдық орташа өсімдері (1993-2000 жылдар) 10% астам қ ұ р а д ы .

Континенттік бағыттардың теңіз бағыттарымен салыстырғандағы негізгі артықшылығы қашықтықтарды және жүктерді жеткізу мерзімінде елеулі қысқарту болып табылады. Мәселен, Жапония - Суэц каналы - Орталық Еуропа теңіз тасымалының ұзақтығы 35-37 тәулікті құрайды. Қозғалыстың қолданыстағы ұйымдастырылуында Қытай, Қазақстан және Ресей Федерациясы арқылы Трансасия темір жолы бойынша жүктерді жеткізу мерзімі 21-23 тәулікке дейін қысқарады және жүрдек контейнерлік поездармен тасымалдау кезінде 12-13 тәулікке дейін жеткізілуі м ү м к і н .

Алайда Достық станциясы арқылы транзит аса тұрақсыз күйде қалып тұр: 1996 жыл - 660 мың тонна; 1999 жыл - 285 мың тонна; 2001 жыл - 400 мың тонна, 2002 жыл - 700 м ы ң т о н н а .

Осыған байланысты оның өзгерістерінің болжамы, тіпті таяу перспективада да соншалық белгісіз болып табылады. Сыртқы саяси және экономикалық ахуалдың оң дамуы жағдайында, сондай-ақ тауарлар қозғалысы жолындағы барлық табиғи және табиғи емес кедергілерді жойған жағдайда Дружба станциясы арқылы транзиттік тасымалдардың көлемі бірнеше есеге артуы мүмкін. Бағдарламаның қолданылу кезеңіне транзиттің екі есеге ұлғаюы неғұрлым ықтимал болып табылады. Оқиғалар қолайсыз дамыған жағдайда транзит ең төмен тіркелген белгілерге дейін құлдырауы м ү м к і н .

Сонымен, жағдайлардың сәтті тоғысуында Қазақстан Республикасы арқылы темір жол транзиті 2005 жылға 6,1-7,6 млн. тоннаға жетуі мүмкін, бұл көрсеткіш 2001 жылғы деңгейден 17 - 46 % - ғ а ж о ғ а р ы .

Автомобиль көлігінде мемлекет иелігінен айыру және жекешелендіру процестері аяқталғаннан кейін автомобиль көлігі тасымалдарының барлық түрінің, соның ішінде транзитті жүк тасқындарының да статистикалық есебінің нақтылығы жойылды.

ТРАСЕКА жобаларының материалдары бойынша былай тұжырымдауға болады, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы көліктің барлық түрлерімен жалпы транзит (соның ішінде құбырлық та) 1998-2000 жылдары жылына шамамен 8-9 млн. тоннаны құрады. Бұл ретте транзиттік тасымалдардың 10%-дан сәл азырағы автомобиль көлігімен жүзеге асырылды. Жылына 0,9-1,0 млн. тонна шаманы 1998 және 2000 жылдары Көлік және коммуникациялар ғылыми-зерттеу институтының ("КК ҒЗИ" ЖАҚ) мамандары жүргізген республиканың негізгі магистральдарындағы ішінара т е к с е р у л е р д е к ө р с е т т і .

Автокөлік транзиттің негізгі бағыттары Ресей Федерациясы - Орталық Азия және Еуропа елдері - Орталық Азия елдері болып табылады. Осы қатынастарға барлық

транзиттік тасымалдардың тиісінше 52%-ы және 40%-ы келеді. Ресей Федерациясы - Қытай және Орталық Азия елдері - Қытай қатынасындағы автокөлік транзиті тең шамалы және шамамен 3-4%-ға бағаланады.

Транзиттік тасымалдар үшін негізінен ОРТА АЗИЯ және ОРТАЛЫҚ АЗИЯ-ШЫҒЫС дәліздері пайдаланылады. Жол тексерулері көрсеткеніндей СОЛТҮСТІК және ОРТАЛЫҚ дәліздері көбіне жүктердің экспорттық-импорттық тасымалдары үшін пайдаланылады.

Автокөлік транзитінің өзінің өңірлік сипатын сақтауы айқын. Алдын ала бағалаулар 2005 жылға қатысты оның 12-30 пайызға өсетіндігін көрсетеді, 2000 жылға қатысты оның мәні 1,10-1,2 млн. тоннаға жетеді.

Ақтау теңіз сауда порты арқылы транзиттің дамуы ТРАСЕКА және СОЛТҮСТІК-ОҢТҮСТІК халықаралық көлік дәліздерін қалыптастырумен байланысты.

Порт арқылы транзиттік тасымалдар 2001 жылы 0,2 млн. тоннадан кемірек шаманы құрады.

Соның ішінде Қазақстанның шығыс, орталық және солтүстік аймақтарынан, қайткенде де порттың жақсы қол жетімділігі қамтамасыз етілетін сәтке дейін асып кеткенде де осы деңгейдің елеулі ұлғаюы екіталай.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттің әлеуетті өсуі ИКАО болжамдық бағаларынан шығарылуы мүмкін, оларға сәйкес Еуропа және Азия арасындағы жолаушы тасымалдары таяудағы 5 жылда 5-7%-ға, ал жүк тасымалдары - 9 - 10 % - ға өседі.

Қазақстан транзитінің өсуі көрсетілген шамалардан жоғары да, төмен де болуы мүмкін, ол Қазақстан Республикасы әуе дәліздерінің бәсекелестік қабілетімен анықталады.

### **3. Транзиттік тасымалдардың халықаралық және ұлттық аспектілері**

Халықаралық көлік бағыттары түрлі мемлекеттердің көлік желілерінің жеке учаскелері негізінде халықаралық қатынастағы тасымалдар бойынша олардың қызметтерін біріктіру және жөнге келтіру жолымен қалыптастырылады. Осындай жүйелердің тиімді жұмыс істеулері, аумақтары бойынша бағыт өтетін барлық мемлекеттердің келісілген қызметі жағдайында ғана және әрбір мемлекеттің ұлттық шекарасы шектерінде тасымалдардың лайықты жағдайлары болуы кезінде қамтамасыз етілуі мүмкін.

Құрлықаралық бағыттарды қалыптастыру мен пайдаланудың халықаралық аспекті міндетті шарт ретінде барлық қатыстырылушы елдердің көлік әкімшіліктерінің тұрақты ынтымақтастығын көздейді. Бұл ынтымақтастық құрлықаралық алмасу жүйесінде бағыттың тартымдылығын арттыру мен бәсекелік қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай техникалық стандарттар мен пайдалану нормаларын жасауға, нормативтік және құқықтық негізді біріздендіруге (үйлестіруге), көлік тасқындары



жолдарындағы табиғи және табиғи емес кедергілерді жоюға, келісілген тариф саясатын және т.с.с жүргізуі бағытталуы тиіс.

Қазіргі сәтте еуразиялық қатынаста тасымалдарды ұйымдастыру кезінде белгілі бір таңдау еркіндіктерін беретін бағыттар қалыптасты (теңіз, сондай-ақ құрлық). Таңдаудың шешуші өлшемі ретінде тасымал сапасының жалпы деңгейін анықтайтын " қызмет көрсетулер пакеті" аталатын құжат болып табылады және ол мынадай көрсеткіштерді біріктіреді, олар:

қ ұ н ;  
у а қ ы т ( ұ з а қ т ы ғ ы ) ;  
қауіпсіздік (жүктің сақталынуы);  
қызмет көрсету деңгейі (мерзімінде жеткізу кепілдігі, ақпараттық қамтамасыз ету ж ә н е т . б . ) .

"Қызмет көрсетулер пакетінің" ең озық көрсеткіштеріне қол жеткізу бағыттың қажеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі міндет болып табылады.

Халықаралық тасымалдар практикасы, олар бойынша халықаралық көлік дәліздерінің, мультимодальды тасымалдар экспедиторлары мен операторлары кәсіби бірлестіктерінің бағыттары өтетін елдер өкілдерінен тұратын жұмыс істеп тұрған халықаралық органдарға (ұйымдарға) қатысуды жандандыру, сондай-ақ қажет болған жағдайда, жаңа органдар мен халықаралық кеңестер құру жазықтығында жатқандығын көрсетті. Бұл бағытты тиімді пайдалануды ұйымдастыруға, оның тартымдылығын арттыруға бағытталған техникалық және тарифтік икемді саясат жүргізуге мүмкіндік б е р е д і .

Континентаралық бағыттардың жұмыс істеулерінің халықаралық сипаты мемлекеттік деңгейде де бірқатар мәселелерді шешуді талап етеді. Интеграция бойынша нақты қадамдар жасамас бұрын, халықаралық көлік жүйесіне мыналар талап е т і л е д і :

ұлттық басымдықтарды анықтау мақсатында жұмыс істеп тұрған және әлеуетті халықаралық бағыттарға түгендеу жүргізу;

халықаралық көлік байланыстарын жетілдіру (оңтайландыру) бойынша ұлттық желілердің әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау;

аумақтары бойынша нақты бағыт өтетін мемлекеттер арасында екі және көп жақты келісімдер жасасу жолымен негізгі бағыттар мен желілердің техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды бекіту, солар бойынша қозғалыстар ұйымдастыру, соның ішінде шекаралық өткелдерде де өз ұсыныстарын нысандандыру;

бағытты кеңінен таныстыру және оның "осал" жерлерін анықтау мақсатымен демонстрациялық тасымал дайындау және жүзеге асыру (мүдделі тараптардың қ о л д а у ы м е н ) .

Ұлттық деңгейде транзиттік саясатты іске асыруды арнайы кешенді бағдарламалар негізінде халықаралық көлік дәліздерінің ұлттық учаскелерін дамыта отырып, әртүрлі

мемлекеттік және жеке құрылымдардың қызметтерін үйлестіретін уәкілетті орган  
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Транзит-көлік әлеуетін дамытудың негізгі стратегиялық міндеттері мыналар болып  
т а б ы л а д ы :

1. Шекаралас мемлекеттермен келісілген транзиттік саясатты жүргізу, соның ішінде  
ТМД елдерін өзінің басымдық транзиттік ықпалында ұстау және әлемнің басқа  
өңірлеріне өзінің ықпалын тарату.

2. Көпжақты халықаралық ынтымақтастықты нығайту және кеңейту, соның ішінде  
шекаралас елдермен бірінші кезекте Ресеймен және Қытаймен достық байланыстарды  
н ы ғ а й т у .

3. Халықаралық көлік дәліздері саласындағы нормативтік құқықтық базаны  
халықаралық стандарттарға сәйкестікке келтіру жөніндегі жұмыстар.

4. Транзиттік дәліздердің учаскелерін жаңғырту және қайта жаңарту.

5. Саналы тарифтік және инвестициялық саясатты жүргізу.

6. Халықаралық көлік дәліздерін қалыптастыруға және инфрақұрылымды, соның  
ішінде көлік қызметтерін көрсету рыногын ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін және  
көлік құралдарына қызмет көрсету жүйесін дамытуға бағытталған бағдарламалар мен  
жобаларды әзірлеу және іске асыру.

7. Мультимодальды тасымалдарды дамыту.

Мазмұндалған міндеттерді республикалық бюджет қаражаты және осы  
проблемаларды шешуге мүдделі компаниялардың қаражаты есебінен іске асыру  
болжанады.

#### **4. Көлік инфрақұрылымы және халықаралық тасымалдарды қамтамасыз ету бойынша оның техникалық мүмкіндіктері**

АТМЭЭК 56-сессиясында (Бангкок, 2000 жылғы маусым) трансевразиялық  
тасымалдарды ұйымдастыру үшін басым бағыттар ретінде бес бағыт аталынды:

Еуропа - Корей түбегі (Беларусь, Ресей арқылы кіші нұсқалармен: а) Транссиб  
бойынша; б) Қазақстан, Қытай арқылы);

Еуропа - Оңтүстік-Шығыс Азия (Түркия, Иран, Оңтүстік Азия арқылы);

Еуропа - Оңтүстік-Шығыс Азия (Түркия, Орталық Азия, Қазақстан, Қытай арқылы);

Еуропа - Оңтүстік-Шығыс Азия (Кавказ - Орталық Азия, Қазақстан, Қытай арқылы)

;

Солтүстік Еуропа - Парсы шығанағы (Ресей, Кавказ, Каспий теңізі, Иран арқылы,  
Түркия - Иран арқылы кіші нұсқалармен).

Осы негізде, көлік жөніндегі 2-ші халықаралық Еуразия конференциясы арқылы (Санкт-Петербург, 2000 жылғы, қазан) тиісті көлік дәліздерін құруға кірісу ұсынылды,  
оларға мына белгілер берілді:

Т Р А Н С С І Б ;

О Р Т А Л Ы Қ ;  
О Ң Т Ү С Т І К ;  
Т Р А С Е К А ;

СОЛТҮСТІК - ОҢТҮСТІК .

Жоғарыда аталған дәліздердің төртеуі Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтеді. Олар ТРАНССІБ, ОРТАЛЫҚ, ТРАСЕКА және СОЛТҮСТІК - ОҢТҮСТІК.

1) *Темір жол көлігі*

Еуропа - Азия қатынасындағы халықаралық темір жол тәсімдерін әзірлеу ТЖЫҰ қамқорлығымен жүргізілуде. Қазір 13 негізгі көлік континентаралық бағыттар құрылды, олардың кейбіреулерінің тоғызға дейін тармақтары бар. Батыста темір жол бағыттары пан-еуропалық (криттік) көлік дәліздері бағыттарымен ұштасып жатса, ал шығыста экономикалық белсенділігі жоғары аймақтарға таралады (Корей түбегі, шығыс және оңтүстік-шығыс Қытай Орталық Азия және Парсы шығанағы елдері).

Қазақстан аумағы арқылы ТЖЫҰ 6 негізгі бағыты және олардың тармақтары өтеді. 1-бағыт, ұзақтығы 12233 км, Польша, Латвия, Литва, Эстония, Беларусь, Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Қытай, Монғолия, КХДР аумақтары арқылы өтеді. Осы бағыт тармақтарының бірі (1е, 3306 км) Қазақстан аумағы арқылы өтеді, ол: Москва - Рязань - Сызрань - Орынбор - Ақтөбе - Қандығаш - Арыс - Ташкент. Қазақстан аумағында бағыттың ұзақтығы 1698 км құрайды.

2-бағыт, (Солтүстік), ұзақтығы 8048 км, Ресей, Қазақстан және Қытай аумақтары арқылы өтеді. Қазақстан аумағында негізгі бағыт Петропавл - Астана - Достық станциялары арқылы өтеді (1718 км), тармақ (2а, 1308 км) Дема (РФ) - Қарталы (РФ) - Тобыл - Астана станциялары арқылы өтеді.

5-бағыт, ұзақтығы 11539 км, Венгрия, Словакия, Украина, Молдова, Ресей Федерациясы, Грузия, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Қытай аумақтары арқылы өтеді. Қазақстан аумағында негізгі бағыт Петропавл - Көкшетау - Ақтоғай - Достық станциялары арқылы өтеді. Осы бағыт тармақтарының бірі (5ж, 3419 км) Қазақстан аумағы арқылы өтеді: Озинки (РФ) - Арыс - Луговая (Бішкек - Рыбачье) - Алматы - Ақтоғай.

6-бағыт, ұзақтығы 6082 км, Венгрия, Словакия, Югославия, Түркия, Иран, Түркіменстан аумақтары арқылы өтеді және әрі қарай 2 және 10-бағыттар бойынша жүреді.

8-бағыт, ұзақтығы 3619 км, Украина, Ресей Федерациясы, Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан аумақтары арқылы өтеді. Қазақстан

аумағында бағыт Ақсарай (РФ) - Мақат - Бейнеу (637 км) станциялары арқылы өтеді. Осы бағыт тармақтарының бірі (8б, 527 км) сондай-ақ Қазақстан аумағы арқылы өтеді: Мақат - Қандығаш, Никель-Тау - Қарталы (РФ).

10-бағыт, ұзақтығы 4389 км, Болгария, Украина, Грузия, Әзербайжан, Түркіменстан, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан және Қазақстан аумақтарымен 2, 5, 6 бағыттарға шығу арқылы өтеді. Осы бағыт тармақтарының бірі (10а, 1097 км) Қазақстан аумағымен Ақтау - Бейнеу - Мақат - Қандығаш - Арыс - Достық станциялары арқылы өтеді.

Еуразиялық континентаралық бағыттар қазақстандық темір жол учаскелерін пайдаланады, олар республика ішінде төрт көлік дәліздері шеңберінде жүйеленеді. Осы дәліздер Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған Қазақстан Республикасы халықаралық көлік дәліздерінің дамуы тұжырымдамасына сәйкес былай белгіленді:

СОЛТҮСТІК (ТРАНССІБ дәлізінің оңтүстік бөлігі фрагментіне сәйкес келеді);  
ОРТАЛЫҚ (ОРТАЛЫҚ және ТРАСЕКА дәліздерінің фрагменттеріне сәйкес келеді)

;

БАТЫС (СОЛТҮСТІК-ОҢТҮСТІК дәлізі шығыс бөлігінің фрагментіне сәйкес келеді);

ОРТА АЗИЯЛЫҚ (ТРАСЕКА солтүстік бөлігінің фрагментіне сәйкес келеді).

Қазақстан темір жолдарының еуразиялық көлікконтинентаралық бағыттарды қалыптастырудағы қатысу дәрежесі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қазақстан темір жол дәліздері учаскелері арқылы өтетін халықаралық темір жол бағыттары

Қазақстан темір жол желілерінің учаскелері	Қазақстан темір жол желілерінің арқылы өтетін халықаралық бағыттар
	Т Ж Ы Ұ б о й ы н ш а

	Бағыттарды нөмірлеу	Саны	Көлік жөніндегі 2-нші халықаралық конференцияға сәйкес белгілеулер	БҰҰ ЕЭК еуразиялық бағыттарды қалыптас-тыру жөніндегі ұсыныстары

Петропавл	-			Көкшетау	
- Астана	2	1	ТРАНССІБ	Е-203	
Пресногорьков				-	
Көкшетау - Астана	5	1	ТРАНССІБ	Е-203	
Астана				Мойынты	
- Ақтоғай	2,5	2	ТРАНССІБ	Е-203	
Ақтоғай - Достық			2, 5, 5ж, 6, 6	ТРАНССІБ,	Е-203
			10, 10а	ТРАСЕКА,	Е-50
				ОРТАЛЫҚ	

ОРТАЛЫҚ дәлізі 7

Шеңгелді - Арыс			1е, 6, 10	3	ОРТАЛЫҚ,	Е-500
			ТРАСЕКА			
Арыс - Луговая - Алматы - Ақтоғай			5ж, 6, 10, 10а	4	ОРТАЛЫҚ,	Е-50
			ТРАСЕКА			
Ақтоғай - Достық			2, 5, 5ж, 6, 10, 10а	6	ОРТАЛЫҚ,	Е-203
					ТРАНССІБ,	Е-50
					ТРАСЕКА	

ОРТА АЗИЯ дәлізі 5

Озинки - Илецк	5ж,	1				
Илецк - Қандығаш	1е, 5ж	2			Е-500	
Қандығаш - Арыс	1е, 5ж, 10а	3	ТРАСЕКА		Е-50, Е-500	
Арыс - Шеңгелді			1е, 6, 10	3	ОРТАЛЫҚ,	Е-500
					ТРАСЕКА	

БАТЫС дәлізі 3

Ақсарай - Мақат			8	1	СОЛТҮСТІК -	Е-50
			ОҢТҮСТІК			
Мақат - Бейнеу			8, 10а	2	ТРАСЕКА,	Е-503
					СОЛТҮСТІК -	
					ОҢТҮСТІК	
Бейнеу - Ақтау			10а	1	ТРАСЕКА,	Е-503/1
					СОЛТҮСТІК -	
					ОҢТҮСТІК	

Мақат - Қандығаш	86, 10а Е-503/2	2	ТРАСЕКА	Е-50,
Қандығаш - Никель-Тау	86	1		Е-503/2

Қазақстан Республикасының негізгі көлік дәліздері құрамына кіретін темір жол учаскелерінің техникалық-пайдалану сипаттамалары 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте. Темір жол дәліздері учаскелерінің техникалық-пайдалану сипаттамалары

Көрсеткіштер атауы	өлшем	Дәліздер бойынша көрсеткіштер			
		бірлігі	СОЛТҮСТІК	ОРТАЛЫҚ	ОРТА АЗИЯ
П а й д а л а н у		ұ з ы н д ы ғ ы ,			
барлығы		1,9	1,8	2,1	1,1
С о н ы ң		і ш і н д е			
б о й ы н ш а :		у ч а с к е л е р			
бір қатарлы	мың км	1,0	1,0	0,9	1,1
екі қатарлы	мың км	0,9	0,8	1,2	-
электрлік тартумен	мың км	0,9	0,9	0,1	-
тепловозбен тартумен	мың км	1,0	0,9	2,0	1,1
		д и с п е т ч е р л і к			
орталықтандырумен	мың км	1,2	1,1	2,0	1,1
автоблоктау арқылы	мың км	0,4	0,4	0,1	-
		ж а р т ы л а й		а в т о м а т т ы	
блоктау арқылы	мың км	0,3	0,3	-	-
Жүк поездарының	тонна	2700-	2700-	2700-	2000-
салмақтық нормалары		6000	4500	4500	4500
Ж ү к		п о е з д а р ы			
қозғалыстарының		о р т а ш а			
ж ы л д а м д ы қ т а р ы :					
учаскелік	км/сағ.	43	41	45	39
техникалық	км/сағ.	49	47	48	45

Келтірілген деректер техникалық жарақтандыру деңгейі бойынша Қазақстан Республикасының темір жол желілерінің халықаралық көлік дәліздері шеңберінде жеткілікті түрде жоғары қарқындылықпен қамтамасыз етуге қабілетті екенін к у ә л а н д ы р а д ы .

СОЛТҮСТІК дәліз Қазақстанның дамыған өнеркәсіптік аймақтары арқылы өтеді.

Оның шекараларында республика елордасы - Астана қаласы және Қарағанды, Балқаш, Көкшетау сияқты ірі өнеркәсіп орталықтары орналасқан. Дәлізге сондай-ақ Жезқазған және Павлодар-Екібастұз аумақтық-өнеркәсіптік кешендер тартылады. Дәліз шегінде баламалы учаскелері және сұрыптаушы станциялары бар темір жол желісі орналасқан, солардың арасындағы ең ірілері Қарағанды-Сұрыптау, Қырқыншы және Көкшетау-1 болып табылады. Ірі тоннажды контейнерлерді өңдеу бойынша ірі контейнерлік терминалдар Достық, Қарағанды, Ақмола және Көкшетау-1 станцияларында орналасқан.

СОЛТҮСТІК дәлізінің темір жол учаскелері бойынша тасымалдардың барлық көлемінің 40%-ына дейінгісін экспорт-импорт және шамамен 10%-ын транзиттік жүк тасқындары құрайды (көбіне ТМД елдері қатынасында).

СОЛТҮСТІК дәліз шеңбердегі көлікконтинентаралық бағыттар транзиттік тасымалдардың өсу перспективасына мүмкіндік жасайды. Алайда қазіргі кезде олар баламалы бағыттармен бәсекеде ұтылып отыр (теңіз және ресейлік Транссибке).

ОРТАЛЫҚ дәліз Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Қазақстанның дамыған өнеркәсіптік аудандары арқылы өтеді.

Дәліз шегінде баламалы учаскесі және Ақтоғай, Алматы, Шу, Луговая, Жамбыл, Шымкент, Арыс сұрыптау станциялары бар темір жол торабы орналасқан. Ірі тоннажды контейнерлерді қайта өңдейтін ірі контейнерлік терминалдар Достық, Алматы, Жамбыл және Шымкент станцияларында орналасқан.

Қазіргі кезде ОРТАЛЫҚ дәлізі бойынша жүк тасқынындағы транзиттің үлесі Ақтоғай - Достық учаскесінде 15%-дан Шеңгелді станциясына кіре берісте 55%-ға дейін өзгереді, ол тұста ОРТАЛЫҚ және ОРТА АЗИЯЛЫҚ дәліздердің транзиттік тасқындары қосылады.

ОРТАЛЫҚ дәліз шеңберіндегі көлікконтинентаралық бағыттар Орталық Азия елдерінің Қытаймен және Азия-Тынық мұхит өңірі елдерімен сыртқы экономикалық байланыстарын қамтамасыз етеді. Қазіргі кезге дейін оларға балама жоқ. Бірақ Орталық Азия елдерінде Джалал-Абад (Қырғыз Республикасы)-Қашқар темір жолын салу арқылы Қытайға баламалы шығудың мүмкіндіктері зерттелуде.

БАТЫС дәлізі Қазақстанның негізгі мұнай өндіруші аймағы - Орал, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарының аумақтарын қамтиды. Дәліз шегінде Мақат және Атырау сұрыптау станциялары бар темір жолы жатыр. Осы станцияларда ірі тоннажды контейнерлерді қайта өңдеуге арналған контейнерлік терминалдар бар.

Дәліз шекараларында ең қарқынды темір жол тасымалдары Атырау - Ақсарай учаскесінде, ал төмен қарқынды тасымалдар Бейнеу-Маңғышлақ учаскесінде жүзеге асырылады. Темір жол жүк тасқындарындағы транзиттің үлесі Бейнеуге кіре-берісте 35%-дан Ақсарайда 14%-ға дейін ауытқиды.

БАТЫС дәлізінің темір жол бағыты бойынша тасымалдардың өсу перспективасы өңірдің экономикалық дамуымен және Ақтау теңіз сауда портының көлік

мүмкіндіктерімен тікелей байланысты. Оның үстіне, Өзбекстандағы Үшқұдық-Қараөзек темір жолының құрылысы біткеннен кейін транзиттік тасымалдардың өсуі күтілуде. Бұл жүк тасқындарын ОРТА АЗИЯ дәлізінен ауыстырудың есебінен жүргізіледі.

ОРТА АЗИЯ дәлізі Қазақстанды оңтүстіктен солтүстік-батысқа қарай қиып өтеді және ол Қызылорда, Ақтөбе, Орал, Қарашығанақ және Илецк (Ресей Федерациясының аумағы) өнеркәсіптік тораптары арқылы өтеді.

Дәліз шекараларында Арыс, Қандығаш, Илецк-1, Ақтөбе сұрыптау станциялары бар темір жол өтеді. Ірі тоннажды контейнерлермен операцияларды жүзеге асыратын контейнерлік терминалдар Ақтөбе, Жилаево, Төре-Там, Қызылорда станцияларында б а р .

ОРТА АЗИЯ дәлізі құрамындағы темір жол транзиттік жүктердің ең көп өткізілімін орындайды - жалпы республикалықтың 60%-на дейін. Жиынтық жүк тасқынындағы транзит үлесі 30% құрайды, ол Озинки станциясына кіре-берістерде 50%-ға дейін ж о ғ а р ы л а й д ы .

Осы темір жол бағытының жүктеме перспективасы Өзбекстандағы Үшқұдық-Қараөзек темір жолы іске қосылғаннан кейін БАТЫС және ОРТА АЗИЯ дәліздері арасында жүк тасқындарын қайта бөлуге көп байланысты болады. Алайда қазірдің өзге тасымалдар қарқынын бәсеңдету өте мүмкін болып көрінеді.

Негізгі техникалық сипаттамалар бойынша (екі аралықтардағы негізгі жолдар саны, поездар қозғалысының есептік жылдамдығы, түрлі деңгейлерде автомобиль жолдарымен қиылысуы және т.б.) қазақстандық темір жолдар халықаралық стандарттар талаптарынан біршама кем түсіп жатыр.

Мысалы, екі қатарлы учаскелер Қазақстан аумағындағы халықаралық темір жол бағыттарынан жалпы аралық ұзақтығының жартысынан аспайтын қашықтықты алып жатыр. Бұл ретте бір қатарлы учаскелердің жүк тасу қабілеті тасымалдардың қазіргі орын алған көлемдерінде 50% және одан көбірек толтырылған. Бұл жағдай жүк тасқындары көлемінің өсу шамасына қарай тасымал шарттарын едәуір қиындатуы м ү м к і н .

ХМТЖК ұсынымдарына сәйкес түзу сызықты учаскелер мен салынып жатқан үлкен радиусты қисықтықтарда есептік жылдамдықтар 160 км/сағ. кем болмауы тиіс. Қолданыстағы темір жолдарын дамыту (қайта жаңарту, қалпына келтіру), сондай-ақ осы көрсеткішке бағдарлануы тиіс. Алайда соңғы жылдары көлік инфрақұрылымының техникалық жай-күйінің күрт нашарлауына байланысты, әсіресе жол құрылғыларының, Қазақстанның темір жол тораптарының бәрінде, соның ішінде халықаралық бағыттар құрамына кіретін учаскелерде рұқсат етілген жылдамдықтар 80 км/сағ., ал жекелеген жағдайларда - 40-70 км/сағ. дейін шектелген.

Халықаралық темір жол желілерінің автомобиль жолдарымен бір деңгейде қиылысуына рұқсат етілмейді. Қазақстандық темір жолдар үшін бұл өте күрделі талап.



Мысалы, тек ОРТА АЗИЯ дәлізі шегінде бір деңгейдегі шамамен 90 қиылыстар бар, олардың елеулі бөлігі мүлде күзетілмейтін өткелдер.

Халықаралық бағыттардың құрамына кіретін, қайта жаңартылуы темір жолдағы өткізу қабілетін жоғарылатуға мүмкіндік беретін қазақстандық темір жолдардың қолайсыз және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын қажет ететін учаскелерінің тізбесі 3 - кесте де келтірілген.

Қалпына келтіру және қайта жаңарту жұмыстарына арналған қаражат тиісті жылдың республикалық бюджетінде көзделетін болады. Одан басқа, осы іс-шараларды іске асыруға "ҚТЖ" ҰК" меншікті қаражаты пайдаланылатын болады.

3-кесте. Жөндеу-қалпына келтіру және қайта жаңғырту жұмыстарына талап ететін темір жол учаскелері

Дәліздер мен темір жол учаскелерінің атаулары	Ұзақ.   Екі ара.	Күшейтуге мұқтаж учаскелер ұзақтығы
	тығы,   негізгі	_____
	км   жолдар	бірінші   келешекте
		саны   кезекте

#### СОЛТҮСТІК

#### дәлізі

Саяқ - Ақтоғай	185,5	бір	25,6	237,7
Мойынты - Саяқ	336,9	бір	14,5	217,6
Астана - Мойынты	1190,6	бір/екі	34,7	184,7
Көкшетау - Астана	600,5	бір/екі	41,5	174,1
Ақтоғай - мемл.шекара	680,4	бір/екі	2,5	324,8
Дәліз бойынша барлығы:	3321,8		118,8	1262,9

ОРТАЛЫҚ дәлізі (СОЛТҮСТІК дәлізі құрамында ескерілген Достық - Ақтоғай учаскесін алып тастағанда)

Арыс - Алматы	1562,8	бір	352,9	280,42
Алматы I - Ақтоғай	562,5	-//-	133,6	436,5
Дәліз бойынша барлығы:	2125,3		486,5	716,92

#### ОРТА

#### АЗИЯ

#### дәлізі

Озинки - Шеңгелді	3281	бір-екі	457,5	729,97
Дәліз бойынша барлығы:	3281		457,5	729,97

Мақат - Ақсарай	441,8	бір	367	68
Мақат - Бейнеу	300,3	-//-	-	95
Бейнеу - Маңғыстау	403,5	-//-	225-	178
Дәліз бойынша барлығы:	1145,6		592	341
Негізгі	дәліздер		бойынша	
	Барлығы			9873,7

2) Автомобиль көлігі

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық байланыстарын қамтамасыз ететін автомобиль жолдарының тізбесі "Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыруды дамыту мен жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 сәуірдегі N 557 қаулысымен бекітілген. Іс жүзінде ол толық көлемде БҰҰ АТМЭӘК бағдарламалық кеңесінде (Бангкок, 1995 жыл) Азия тас жолдары құрамына енгізу үшін АЛТИД жобасы бойынша ұсынылған еді.

Еуропа - Азия қатынасындағы "Е" санатындағы автомобиль жолдарының халықаралық желісін құру Еуропалық экономикалық комиссияның (БҰҰ ЕЭК) тарапынан жүргізіліп жатыр.

Халықаралық автомагистральдар жөніндегі келісім арқылы (ХАК, БҰҰ ЕЭК Ішкі көлік жөніндегі комитеті, Женева, 1975 жыл) негізгі техникалық талаптар белгіленді, Еуропадағы халықаралық автомобиль жолдарының тізбесі жіктелді және бекітілді. Көрсетілген Келісімге толықтыруларға сәйкес халықаралық автомобиль жолдарының тізбесі кеңейтілді және оған құрлықтың азиялық бөлігінде орналасқан автомобиль жолдары енгізілді.

Қазақстан автомобиль жолдарын еуразиялық халықаралық автомобиль жолдары желісіне енгізу бойынша ағымдағы жай-күйі 4-кестеде көрсетілген.

Темір жолдардағы жағдай сияқты, БҰҰ аймақтық құрылымдары арқылы назарға алынған қазақстандық автомобиль жолдары Қазақстан Республикасының аумағындағы жоғарыда аталған төрт көлік дәлізіне төселінеді.

4-кесте. Қазақстан Республикасының халықаралық автомобиль жолдары

Автомобиль жолдарының учаскелері		Жіктеме
	ХАК, ЕЭК БҰҰ	БҰҰ АТМЭӘК, Азия тас жолдары



Автомобиль жолдарының техникалық параметрлері халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келмейді және ең дұрыс жағдайда оларды "әдеттегі" үлгідегі жолдарға жатқызуға болады (ХАК жіктемесі). Осы дәліздер бойынша өткізу қабілетін жақсарту үшін мынадай: Алматы-Бішкек, Қарабұтақ-Ырғыз-Арал, Ресей Федерациясы шекарасы-Орал-Ақтөбе, Қарабұтақ-Қызылорда шекарасы сияқты автожолдардың жекелеген учаскелеріне қайта жаңарту жүргізу қажет. Бұл автожолдардың учаскелерін қайта жаңартуға арналған қаражат тиісті жылдың республикалық бюджетінде к о з д е л е т і н б о л а д ы .

Халықаралық маңыздағы автомобиль жолдары өз ұзақтығының үлкен бөлуінде (94%) асфальт-бетонмен және қара қиыршықтас жамылғысымен төселген. Топырақ үзілулері тек БАТЫС дәлізінің автомобиль жолдарында ғана кездеседі. Сонымен бірге пайдалану жай-күйі қанағаттанғысыз деп бағаланатын жол учаскелерінің жоғары үлес салмағын атап кеткен жөн (жалпы ұзақтықтың 60% астамы). 5-кестеде көрсетілген 6 бағыттағы 443 көпірдің 38-і авариялық немесе аварияға тақау жай-күйде. БАТЫС дәлізінің автожолдарын жақсарту үшін республикалық бюджеттен мынадай: Астрахань-Түрікменбашы, Ақтау-Атырау, Атырау-Орал сияқты автожолдардың учаскелерін қайта жаңартуға және Қиғаш өзені арқылы көпір салуға қаражат бөлу қ а ж е т .

Жол бойындағы сервистік қызмет көрсетудің деңгейі, әсіресе ауыр кластағы жүк автомобильдері мен автобустар сервисіне қатысты өте төмен.

Қазақстанның халықаралық автомобиль жолдарының техника-пайдаланымдық көрсеткіштерін 5-кестеде келтірілген бағыттардың көрсеткіштері суреттейді.

5-кесте. Автомобиль жолдарының жалпылама сипаттамасы

Бағыт	Ұзақ.   соның ішінде	қозғалыстың
	тығы,   жай-күйі	орташа
	км   бойынша	қарқындылығы,
	_____	а/м күніне
	қанағат.,	нашар
	км	км
Ө з б е к с т а н	ш е к а р а с ы	-
Ш ы м к е н т	-	Т а р а з -
Бішкек - Алматы - Хоргос	1137	267 870 4567
( О Р Т А Л Ы Қ		д ә л і з і н і ң
автомобиль бағыты)		
Р Ф	ш е к а р а с ы	-
Орал	-	О р а л -
Ақтөбе - Қызылорда -	2048	607 1441 1227
Ш ы м к е н т		

( О Р Т А Л Ы Қ автомобиль бағыты)		д ә л і з і н і ң			
Петропавл	-	Астана		-	
Қарағанды - Алматы	1669 844	825	2599		
РФ шекарасы		-	Атырау		-
Ақтау шекарасы	-	Түркіменстан			
( Б А Т Ы С автомобиль бағыттарының бірі)		1420	312	1108	757
( Б А Т Ы С автомобиль бағыттарының бірі)		д ә л і з і			
РФ шекарасы		-	Павлодар		-
Семей - Майқапшағай		1105	600	505	900
( С О Л Т Ы С Т І К автомобиль бағыттарының бірі)		д ә л і з і			
РФ шекарасы		-	Қостанай		-
Астана		879	352	1527	2376
( С О Л Т Ы С Т І К автомобиль бағыттарының бірі )		д ә л і з і			
Б А Р Л Ы Ғ Ы		8258	2982	5276	

### 3) Су көлігі

Су көлігінің экспорт-импорт және транзиттік тасымалдарды дамыту перспективалары негізінен Ақтау теңіз сауда портымен байланысты. АТСП халықаралық көлік дәліздері ТРАСЕКА және СОЛТҮСТІК-ОҢТҮСТІК құрамындағы мультимодальды көлік торабы ретінде қаралынады. Бүгінгі күнде Ақтау - Баку теміржолдық паром желісі қолданыста, оның шеңберінде Поти мен Батуми грузиялық порттарға және одан әрі Қара теңіз порттары арқылы Еуропа елдеріне мынадай үш бағыт бойынша шығу арқылы Қазақстан, Әзербайжан, Грузия темір жолдарын іске қосуға мүмкіндік беретін теміржол вагондарын ауыстырып тиеусіз тасымалдау жүзеге асырылады :

1. Ильичевск, Одесса, Броды және Украинадағы Южный порттарына дейін;
2. Стамбулға дейін;
3. Варна, Констанца және Бургас порттарына дейін.

Жүк тасқындарының негізгі номенклатурасы: мұнай және мұнай өнімдері, контейнерлер, халық тұтынатын тауарлар, жабдықтарды, ауылшаруашылығы өнімдерін және басқаларын қоса алғанда, габаритсіз жүктер.

1999 жылы порттың қайта жаңартылуының бірінші кезеңі аяқталды, соның нәтижесінде оның құрғақ жүктерді ауыстырып тиеу бойынша қуаты жылына 1,5 млн тоннаға дейін және мұнайға - жылына 8 млн. тоннаға дейін жетті. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 853 Жарғысына сәйкес "Ақтау теңіз сауда порты" арнайы экономикалық аймақ (АЭА) құрылды. Осы аймақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, порт және көлік инфрақұрылымының дамуына, өнеркәсіптік кешендердің құрылуына және т.б. инвестицияларды тартуға ықпал етеді.

"Ақтау теңіз сауда порты" АЭА жұмыс істеуі теңіз, темір жол, құбыр, автомобиль және әуе тасымалдары халықаралық көлік торабының кешендік дамуын қамтамасыз етеді, сыртқы сауда айналымын өсіруге мүмкіндік береді және Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетінің тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді.

Порт құрамында мыналар бар:

бас және үйілген жүктерді өңдеуге арналған үш әмбебап айлақ;  
астықтың экспортына, ауыр салмақтыларды қайта тиеуге және "ро-ро" үлгісіндегі кемелерді өңдеуге арналған бір айлақ;

бір мезгілде су сыйымдылығы 12000 тоннаға дейін 3 танкерді өңдеуге мүмкіндік беретін 3 мұнай құюшы айлақ;

темір жол және автомобиль паромдарына қызмет көрсетуге арналған паромдық терминал;

көлемі 55 мың шаршы метрден астам қоймалық үй-жайлар;  
қазіргі жүк тиеу-түсіру жабдығы, соның ішінде ірі тоннажды контейнерлерді өңдеуге арналғандары да.

Қазақстан Республикасының порттары арқылы тасымалдарды дамытуға мынадай факторлар кедергі жасайды:

республиканың шығыс, орталық және солтүстік аймақтарынан портқа көлік кіруінің қанағаттанарлықсыздығы;

Каспий теңізінде Қазақстан Республикасының дербес флоты болмауы;  
жүк терминалдарын қайта жаңарту қажеттілігі;  
толқын тосқысы мен кіреберіс бөгетін қайта жаңарту қажеттілігі;  
Ақтау порты акваториясында түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу қажеттілігі;  
кеме жөндеу мен кеме құрылысы базасының болмауы;  
теңіз операцияларын қолдау базасы оның болмауы;  
құрғақ жүктер тасымалынан көлемі ұлғаюына байланысты қойма үй-жайлардың жеткіліксіздігі.

Қазақстанда кеме жүзуге Ертіс және Жайық өзендері жарамды болып табылады, олар еліміздің шығысы мен батысында ағады. Алайда осы көлік магистральдарын халықаралық, әсіресе транзиттік тасымалдарға қатыстыру олардың тереңдігінің шектеулі болғанынан айтарлықтай емес. Шульба шлюзі құрылысының аяқталуынан және Ертіс өзенінде ашық кеме қатынасы ашылуынан кейін оны Қазақстан

Республикасы, Қытай Халық Республикасы және Ресей Федерациясы арасында транзиттік ретінде пайдалану мүмкіндігі пайда болады. Ол үшін Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Іле мен Қара Ертіс өзендері арқылы қазақстандық және қытайлық кемелермен тасымалды ұйымдастыру туралы келісімді қайта қарау жөн.

Жайық өзені бойынша кеме қатынасын шектейтін Жайық-Каспий каналының саяздануы су көлігімен сыртқы сауда және транзиттік жүктердің тиеусіз тасымалдануын жүзеге асыру үшін Атырау өзен портын пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Көрсетілген проблеманы шешу үшін Жайық-Каспий каналын қайта жаңарту және оны жыл сайын кеме қатынасы жай-күйінде күтіп ұстау қажет, бұл халықаралық бағытта Атырау порты арқылы жүктерді тасымалдау үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді. Осы жобаны іске асыруға республикалық бюджеттік комиссия 2004-2005 жылдарға 827,4 млн. теңге мөлшеріндегі соманы бекітті.

#### 4) Әуе көлігі

Қазақстанның әуе кеңістігі Еуропа, Ресейден Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азия елдері бағытында транзиттік тасымалдарды жүзеге асыру үшін тартымды.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі негізгі транзиттік дәліздер төмендегілер болып табылады:

АРИСА-САРИН - Еуропадан Қытайға және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне;

АРИСА-ОДИВА - Еуропадан Оңтүстік Азия елдеріне;

АЗАБИ-ТИРОМ - Еуропадан Оңтүстік Азия, Орта және Таяу Шығыс елдеріне;

САРИН-БАЛУН - Таяу Шығыс елдерін Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне

Қазіргі уақытта бағыттар желісінің ұзақтығы 60 000 км дейін ұлғайтылған, ал 2003 жылға арналған халықаралық қатынастар үшін әуе дәліздерінің жалпы саны 66-ны құрайды. Қазіргі кезде орындалатын ұшулардың жалпы көлемі жылына 100 мыңға дейін жетеді, оның жартысынан астамы - транзиттік ұшулар.

Транзиттік маршруттардың қолданыстағы желісі, негізінен, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланатын авиакомпаниялар қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында 21 әуежай жұмыс істейді, олардың ішінде 14-іне халықаралық ұшуларға қызмет көрсетуге рұқсат берілген. Осы порттардың әуеайлақтары транзитті авиарейстерге қызмет көрсетуге де, сондай-ақ Қазақстанның әуе кеңістігін қонбай ұшатын ұшуларға пайдаланатын авиакомпаниялар үшін қосалқы әуеайлақтар ретінде де пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының көптеген әуежайларының техникалық жарақтануы төмен деңгейде болып отыр. Негізгі өндірістік қорлар 60-тан 80% дейін тозған. Моральдық және табиғи ескірген жабдықты ауыстыруды қаржымен қамтамасыз ету

ширектен аспайтын шамада орындалады. Қазақстандық әуежайларда аралық қонулар жасайтын транзитті әуе кемелеріне сервистік қызмет көрсету қазіргі халықаралық талаптарға сай емес.

Радионавигациялық жабдықтың жай-күйі Қазақстан үстіндегі әуе дәліздері тартымдылығының елеулі факторы болып табылады. Әуежайлардың көбінде ол әуе қозғалысын басқару және үстіңгі әуе кеңістікте азаматтық әуе кемелері ұшуының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қазіргі талаптарға жауап бермейді. Сонымен қатар, әуежай ауданында әуе қозғалысын басқаруды қамтамасыз ететін аэронавигациялық объектілерді жаңғырту жөнінде қосымша шаралар қабылдау қажет.

"Қазаэронавигация" РМК радиолокацияның, радионавигацияның және байланыстың қазіргі жүйелерін игерумен қатар әуе қозғалысын басқару бойынша автоматтандырылған орталықтарды пайдалануға енгізуде.

Қазіргі уақытта аэронавигациялық жабдықты жаңғырту жөніндегі іс-шаралар кешені өткізілді, соның ішінде әуе қозғалысы қауіпсіздігінің деңгейін арттыру және аэронавигациялық қызмет көрсету жүйесінің өткізу қабілеттілігін көтеру үшін ұшуды радиотехникалық қамтамасыз етудің жаңа құралдарымен жабдықтау.

Әуе қозғалысын басқару бойынша азаматтық және әскери органдар арасында өзара іс-қимылды жақсарту жөнінде жұмыстар жүргізілуде.

Әуе көлігі мен транзиттік тасымалдарды жақсарту үшін Астана, Атырау, Ақтау, Ақтөбе және Шымкент қалаларының әуежайларын қайта жаңарту қажет. Сондай-ақ әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін радиотехникалық құралдар мен электрбайланысты жаңғырту қажет. Осы іс-шараларға арналған қаражат тиісті жылдың республикалық бюджетінде көзделеді. Одан басқа, осы жобаларды іске асыру үшін қазіргі уақытта бірқатар халықаралық қаржы ұйымдары мен кредиттік келісімдер жасасу жөнінде жұмыстар жүргізілді.

### **5. Тасымал көлемдерін арттыру үшін техникалық мүмкіндіктер. Табиғи кедергілер**

